Қалалық, аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне арналған
көшпелі кездесудің
ХАТТАМАСЫ

Өткізілетін орны: Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласының әкімдігінің мәжіліс залы.

Өткізілетін уақыты: Қызылорда 13 мамыр 2021 ж 11:00 де, Сырдария 13 мамыр 2021 ж 15:00 де, Жалағаш ауданы 14 мамыр 2021 ж 11:00 де, Қармақшы ауданы 14 мамыр 2021 ж 15:00 де, Шиелі ауданы 14 мамыр 2021 11:00 де, Жаңақорған ауданы 14 мамыр 2021 ж 15:00 де, Қазалы ауданы 18 мамыр 2021 ж 11:00 де, Арал ауданы 18 мамыр 2021 ж 15:00 де.

Ұйымдастырушылары: Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры

Шақырылғандар: Қалалық, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі

«Облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің жергілікті жердегі өзекті мәселелері бойынша» көшпелі кездесу

Облыстық ішкі саясат басқармасының «ҮЕҰ мен қоғамдастықты қатыстыра отырып қоғамдық кеңестермен жүргізілетін қоғамдық бақылауды дамыту» жобасы аясында «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ү.ж 13-18 мамыр аралығында Қызылорда қаласы, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы, Арал, Шиелі, Жаңақорған аудандарының мәжіліс залында **«Облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің жергілікті жердегі өзекті мәселелері»** бойынша көшпелі кездесу өтті. Кездесу модераторлары Айткүл Шалғынбаева, Нұрмаханов Нұрлан, Шиелі, Жаңақорған аудандарында Умирсериков Ерулан, Есимсейтова Қаршыға өткізді. Қала және аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, тұрғындары, ҮЕҰ-дар мен белсенді жастар қатысты. Кездесу барысында қала және аудандық қоғамдық кеңес мүшелері қала-аудан тұрғындарының толғандырып жүрген мәселелері талқыланды. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі, жастар мәселесі, отбасы тағылымы тақырыбында ой қозғалды және жаңа өзгерілген заң аясында ақпараттар берілді.

Қала және аудандық қоғамдық кеңес мүшелері атқарылған жұмыстары туралы, көтерілген мәселелер туралы айтты.

Қызылорда қаласы және Сырдария аудан тұрғындарының жергілікті мәселелері бойынша кездесу барысында ұсыныс пікір білдірді Бердібаева Айман: Қызылорда қаласы

1. 3 топ мүгедектеріне жеңілдіктер болса
2. Генетикалық анализ
3. Ковид анализ
4. Түркістан қаласына мүгедектерге жеңілдікпен апарса

5. 3 топ мүгедектерін 1-2 топ мүгедектерімен теңестірілсе, өйкені 3 топтың мүгедектеріне ешқандай көмек жоқ.

Сырдария ауданы Сыздықова Саул дәрі-дәрмек байланысты ұсыныс білдірді. Қызылорда қаласы және Шиелі аудан тұрғындарының жергілікті маселелері бойынша кездесу барысында ұсыныс пікір білдірді

Жанағорған аудан тұрғындарының жергілікті мәселелері бойынша кездесу барысында ұсыныс пікір білдірді

1 Қыстаубаева Азия өз пікірінде жастардың жұмыссыздығына байланысты және жас отбасылардың үйі болмауына осы жетіспеушіліктің кесірінен ажырасу көбейіп жатыр және бір бала туылғаннан бастап қаржылай көмек көрсетілсе деген пікірін жеткізд

2 Ахметова Зауре көп балалы аналарға қаржылай көмек және үй маселесі және еңбек ардагерлерінің жағдайы қаралса

1. Дипломмен ауылға беретін қаражатын көтеру және оны ақшалай беру
2. Аналарға 4 баладан жоғары берілетін әлеуметтік көмекті 1 бала болса да берілсе
3. Еңбек ардагерлеріне медаль берілсе
4. Еңбек ардагерлеріне жеңілдіктер берілсе

Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері көшпелі кездесуде көтерілген мәселелер бойынша облыстық қоғамдық кеңес отырысында көтеруге келісті. Облыстық қоғамды кеңес мүшелері бойынша жергілікті көтерілген өзекті мәселелері қаралып, шешімі бойынша жұмыс жасауға уәде берді қала және аудан тұрғындарына.